



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының 1995 жылғы 27.06 N 36 ~V950074 "Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы"
Нұсқаулығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 1 қантарында тіркелді. Тіркеу N 57. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"

Қазақстан Республикасының

K010209_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Акциздерді есептеу және төлеу тәртібі туралы" N 36 Нұсқаулыққа
өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1

V970057_

бұйрығы.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Салық комитеті Төрағасының
1997 жылғы 29 желтоқсандағы

N 1 Бұйрығымен бекітілген

1. I бөлім:

3-тармақшаның төртінші азат жолындағы "1-9 және 19 тармақшаларында" деген сөздер "1)-9) және 15)-тармақшаларында" деген сөздермен алмастырылсын.

4-тармақта:

- 14)-17)-тармақшалар алынып тасталсын;
- 22)-тармақша "газ конденсатын қоса" деген сөздермен толықтырылсын;
- 18)-22)-тармақшалар тиісінше 14)-18)-тармақшалар болып есептелсін;
- 19)-тармақша мынадай мазмұнда толықтырылсын;
- "19) электр энергиясы".

2. II бөлім:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық салынатын айналым оларға акцизді қоспай қолданылатын бағаларға сүйене отырып, акцизделетін тауарларды өндіру және сату жөніндегі айналым болып табылады."

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. "Сату" ұғымы дегеніміз сату, айырбастау, тегін беру, сондай-ақ кепілдікке берген тауарларды кепіл ұстаушының меншігіне беру мақсатында жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар жөнелтуді білдіреді."

13-тармақта "шикі мұнайды қоспағанда" деген сөздерден кейін "және спирттің барлық түрлері" деген сөздермен толықтырылсын.

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Акциз алымы маркілерінің құны сатылған тауарлардың мөлшері бойынша акциз сомасын кемітілуіне қолданылады."

18-тармақтың екінші азат жолындағы "есептеу әдісімен немесе кассалық есеп әдісімен анықталатын" деген сөздер алынып тасталсын.

19-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азат жолмен толықтырылсын:

"Осы тармақтың ережелері бұл тауарлар өзінің немесе берілген

шикізаттан өндірілгендігіне қарамастан қолданылады."

20-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші азат жолмен толықтырылсын:

"Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың нәтижесінен пайда болғаннан басқа жағдайларды акциздеу алым маркаларын жоғалтқан және бұлдірген кезде

акциз өтініш берілген ассортимент мөлшерінде төленеді.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар нәтижесінде пайда болғаннан басқа жағдайларда акцизделетін өнімді жоғалтқан және бұлдірген кезде акциз толық мөлшерде төленеді."

21-тармақта "төленген ұтысты шегеріп, тастағанда" деген сөздерден кейін және "қосылған құнға салынатын салық" деген сөздермен қосылсын.

22-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азат жолмен толықтырылсын:
"Осы тармақтың ережелері өндөудегі барлық спирт түрлерін берген кезде де қолданылады."

3. III бөлім:

43-тармақтың алтыншы азат жолы алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Әдістеме
Кеңесімен келісілген

1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 19 хаттама